

КЕҢЕС БИЛІГІНІҢ ИСЛАМ ДІНІНЕ ҚАРСЫ ҰСТАНҒАН САЯСАТЫ

Ермекқали Нұрлы Нұрланқызы E-mail: nurly.ermekkali@asu.edu.kz «6B02201-Тарихшы-зерттеуші» білім бағдарламасының 4 курс студенті Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ., Қазақстан Республикасы Ғылыми жетекшісі, т.ғ.к., қауымдастырылған профессор – Қуаныш С.О.

Аңдатпа. Мақалада ХХ ғасырдың 20-30 жылдарындағы Қазақстандағы дін өкілдері мен діни ғибадат орындарына қарсы бағытталған кеңестік мемлекеттік саясаттың әлеуметтік саяси аспектілері қарастырылған. Тірек сөздер: қуғын-сүргін, дін, мешіттер, медреселер, үгіт-насихат. Кеңес мемлекетінің дін өкілдеріне қатысты жүргізген саясатының мемлекеттің рухани және білім саласына тигізген әсері қандай болды? Тәуелсіздік алғаннан бері отандық тарих ғылымы кеңестік үлгідегі тоталитарлық қоғамның саяси қуғын-сүргінін зерттеп келеді. Тарихтан белгілі болғандай, Кеңес өкіметінің саяси ұстанымы өз ұлтының мүдделерін ойлағандарды «ұлтшылдар», «жаулар», «шпиондар», «оңшылдар», «әлеуметтік қауіпті элементтер» және т.б. деп бөлді. Кеңес өкіметінің дінге қарсы күрес әсерінен, қатаң қысым мен шектеулер жағдайында дін жартылай заңды өмір сүруге көшті. Кеңес өкіметінің билігі күшейген сайын ислам дініне қарсы шектеулер күшейе түсті, медресе мен мешіттердің жабылуы, дінбасыларын шектеу олардың саяси қуғын-сүргінге ұшырауы, содан кейін жоюға әкелді. Басты мақсат діни сананы жойып, коммунистік идеологияны енгізу еді. Тарихи тұрғыдан алғанда, Қазақстан мұсылмандары Орталық Азияның орасан зор мұсылман әлемінің бір бөлігі болды. Кеңес өкіметі бұл жағдайды елемей, аймақ тұрғындарымен қарым-қатынас орната алмады. Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарындағы мұсылмандарға қатысты саясат прагматизммен ерекшеленді. Ол ХХ ғасырдың басынан бастап панисламистік және пантюркистік идеялар танымал болған Қазақстан мен Орта Азиядағы мұсылман халқының этносаяси өмірінің аймақтық ерекшеліктерін ескере отырып құрылды, ал биліктің исламды шектеуге, мұсылмандарға қарсы қудалау ұйымдастыруға бағытталған барлық әрекеттерін халық биліктің олардың этникалық бірлестігін жоюға деген ұмтылысы ретінде қарастырды. Кеңес өкіметінің мұсылман дініне деген көзқарасын білдіретін алғашқы құжаты 1917 жылғы 20 қарашадағы «Ресей мен Шығыстың барлық еңбекші мұсылмандарына» атты Жарлық болды [1]. Құжаттың мәтіні мұсылман діндарларына деген ерекше көзқарасты атап өтті және Кеңес өкіметі тарапынан діндарлардың діни сезімдерін құрметтеу туралы хабарды қамтыды. Әрине, исламға деген көзқарас мәселесі кеңес өкіметінің саяси міндеттерімен 552 тығыз байланысты болды, өйткені оны халықтың қабылдауы мен қолдауы оның шешіміне байланысты болды. 1918 жылы 20 қаңтарда Кеңес өкіметі «Ар-ождан бостандығы, шіркеу және діни қоғамдар туралы Жарлық» қабылдады [1. – 373-374], ал 23 қаңтарда «Мұсылман істері жөніндегі комиссариат туралы» ХКК Жарлығы қабылданды. Оған сәйкес ұлттық істер жөніндегі Халық Комиссариаты жанындағы Ішкі Ресей мұсылмандары істері жөніндегі Комиссариат құрылды. Сол кезде, 1918 жылы мұсылман ұйымдарының Орталық бюросы, ал келесі жылы мұсылмандар арасында саяси жұмысты күшейту үшін мұсылман бюросы құрылды. Жергілікті жерлерде ревкомдардың жанынан жергілікті мұсылман халқының мәселелерімен айналысатын жергілікті тұрғындардың жауапты қызметкерлері бастаған мұсылман бөлімдері құрылды. Қызыл Армияда мұсылман әскери бөлімдері құрылды. РК(б)П ОК деңгейінде дінге қарсы насихаттың тиімділігі үшін көптеген қарарлар қабылданды, арнайы тезистер мен нұсқаулықтар әзірленді. РК(б)П Орталық комитеті партия комитеттері мен саяси бөлімдерден мұсылмандармен жұмыс жасауда олардың өмірінде үлкен рөл атқаратын діни және ұлттық факторларды ескеруді талап етті.

Мұсылман діни рәсімдері сенушілердің өміріне тығыз еніп, әдет-ғұрып ретінде қабылданғанын ескеріп, үгіт-насихат жүргізу ұсынылды. Мұсылман әйелдер арасындағы үгіт-насихат жұмыстарына ерекше назар аударылды. Мұсылман әйелдің дін тарапынан қысымға ұшырауы тақырыбы кеңестік исламға қарсы үгіт насихаттың негізгі тақырыптарының бірі болды. Мұсылман секцияларында әйелдер бөлімдері құрылды. Кеңес шенеуніктерінің есептерінен, әйелдер арасындағы дінге қарсы жұмыстың ең көп таралған түрі – мұсылман әйелдердің делегаттық жиналыстары, конференциялары мен съездері жиі өткізіліп, үгіт-насихат жүргізу болды [2]. Исламға қатысты бейілділік саясатын ұстанған билік өкілдері 1920 жылдың ортасында діни қызметтің жандануына әкелді. 1924 жылға қарай КСРО-ның барлық қазақ аудандарында бірнеше мың оқушысы бар жүздеген діни мектептер, жүздеген шарифат-ақсақал соттары және мыңнан астам жұмыс істейтін мешіттер жұмыс істегені халық арасында діндарлықтың нығаюының дәлелі болып табылды. Көшпелі аудандарда мешіттер, діни мектептер, молдаларға арналған үйлер салынды, олардың көбі тастан салынған үйлер болды, сол арқылы молдалардың жоғары мәртебесін көрсетті. Сопылық ілімінің қайта жандануы байқалды, ишанизмнің ізбасарлары мюридтер санының тез өсуі Қазақстанның: Ақтөбе, Орал, Торғай, Бөкей губернияларында ондаған мың адамға жетті. Кейбір ишандарда 500-800 мюридтер болған [3]. Діни қозғалыстың өсуін шенеуніктер бірнеше факторлармен түсіндірді [2. – 13]: - біріншіден, олар жаңа экономикалық саясат (ЖЭС) жылдарындағы экономикалық өрлеумен, атап айтқанда «дала қазақ буржуазиясының экономикалық қуатының» өсуімен және олардың қызметінің халық арасында қолдау тапқанымен байланыстырды. - екіншіден, шарифат нормаларының қарапайым өмірде сақталуымен байланыстырды. - үшіншіден, халық арасындағы идеологиялық жұмыстың әлсіздігі және кеңестік мектептердің жетіспеушілігімен байланыстырды. Мәселенің осындай тұжырымына сүйене отырып, исламмен күрес стратегиясы да құрылды. 1920 жылдардың екінші жартысынан бастап Кеңес өкіметі нығайған сайын исламға қатысты саясат өзгерді және катал формаға көшті. 1926 жылы «КСРО мұсылмандарының дінге қарсы насихаты туралы тезистер» жарияланды, онда мұсылман дінбасыларының белсенділігінің артуы туралы айтылды: «Остатки шаманизма, сливаясь с исламом, занимают значительное место в религиозных представлениях, выражающихся в обращении к умершим» [4]. РК(б)П Қазкрайкомының «Дінге қарсы насихат туралы» қарарында «өзінің әлеуметтік мәні бойынша діни мұсылман қозғалысы айқын антисоветтік сипатқа айналуға» делінген. Онда мұсылмандық моральдық нормалар мен құқықтарды шектеуге қатысты: «мұхтасиб институтын ұйымдастырылған жерлерде жойып, оны әлі ұйымдастырып үлгермеген жерде рұқсат етпеу» туралы шешім қабылданды [5]. 553 Исламға қарсы саясаттың қатаңдауы таптық күресті насихаттауға байланысты болды. Большевиктер үкіметі діни конфессияларға, соның ішінде исламға қарсы күреске таптық сипат беруге тырысты. 1920 жылдардың аяғында күрестің «таптық бағыты» тек дінге ғана емес, Кеңес мемлекеті саясатының барлық көріністерінде басым болады. Дінге төзбеушілік атмосферасының күшеюіне шенеуніктердің жергілікті жерлерден жоғары органдарға жасаған баяндамалары ықпал етті, онда мұсылман дінбасылары «Кеңес өкіметінің барлық іс шараларына қарсы дұшпандық саясат жүргізді» деп айыпталды. Мысалы, Сырдария облысының партия шенеуніктері өңірдің саяси жағдайы туралы шолуда: «Әулие-Ата, Меркі, Жуалы және басқа да бірқатар аудандарда колхоз қозғалысының күйреуі үшін мұсылман дінбасылары "бата" қолданды» деп жазды [2. – 17]. Діни қызметкерлер дайындық науқанына қарсы болды деп айыпталды. «Ауыл шаруашылығы салығы негізінде билік пен халық арасында туындаған келіспеушіліктерге мұсылман дінбасыларының белсенді араласуы барлық жерде қақтығыстар туғызғанын байқауға болады», - деп жазады тарихшы М.Қ. Қойгелдиев [6]. Билік мұсылман

дінбасыларын Кеңес өкіметінің мәдени іс-шараларына нұқсан келтіруде деп айыптады: «...ол халыққа білім беру саласын өз қолында ұстауға тырысады, заңсыз мектептерді ашады және қолдайды; АХАЖ органдарының функцияларын өзіне тағайындайды; емшілікпен айналысады, байлар мен ақсақалдар молдалардың беделін қолдайды, кедейлер мен мұсылман әйелдерін қанауға ықпал етеді». Сонымен қатар, дінбасыларды контрреволюциялық іспен айналысады деп айыптады. «"Қосшы" одағының мүшелеріне қарсы үгіт-насихат жүргізеді, оларды «кәпірлер» деп жариялайды; арандатушылықпен айналысады, контрреволюциялық қауесеттерді таратады» [7]. Мұндай айыптаулар исламға қарсы күресті күшейтуге арналған сылтау болды. Кейбір мешіттерде жасөспірімдерге арналған медреселер жұмыс істеді, олар 1925 жылғы 9 қаңтардағы №45 Орталық Атқару Комитеті нұсқаулары бойынша рұқсат етілді. Жергілікті билік мұндай мектептерге мұқият тексеру жүргізді және қандай да бір ауытқулар анықталса, мектептер жойылып, молдалар жауапқа тартылды. Барлық заңсыз жұмыс істейтін діни мектептер жабылды. Діни қызметкерлерді даярлау немесе қайта даярлау үшін курстарды тек ҚазССР Орталық Әкімшілік Басқарма рұқсатымен ашуға міндеттелді (1926 жыл 8 наурыздағы № 119 КСРО НКВД циркуляры) [2. – 15]. Заң функцияларын иемденгені үшін дін өкілдері жауапқа тартылды. Қазақстанда исламға қарсы саясаттың қатаңдауы және дінбасылармен күрес шараларын 1927 жылғы 22 тамызда РКФСР Бүкілодақтық Орталық Атқару Комитеті төрағасы М. Калинин қол қойған № 260 директивалық құжат және одан кейінгі Орталық Әкімшілік Басқарма бастығы Есқараевтың губерниялық әкімшілік бөлімдеріне «мұсылман дінбасыларының зиянды қызметіне қарсы күрес шаралары туралы» өкімі куәландырады [2. – 15]. Ұйымдық құрылыстың негіздеріне нұқсан келтіру және діни қызметкерлердің көпшілікке ықпалын шектеу мақсатында Мұсылмандардың Орталық Діни Басқармасының (ЦДУМ) өкілдері мен уәкілдерінің халықпен байланысына тыйым салатын шаралар қабылданды; олардың мұсылман мешіттері мен мұсылман халқы бар аудандарға баруына тыйым салынды. Ресми себеп ЦДУМ Жарғысын тіркеуден шығару болды, бұл туралы билік мұсылмандарды 1927 жылғы 4 шілдедегі № 871 нөмірімен хабардар етті [2. – 16]. 1929 жылғы 24 қаңтардағы БК(б)П ОК қаулысы қабылданғаннан кейін елдегі діни қауымдастықтармен күрес жандана түсті. «Дінге қарсы жұмысты күшейту жөніндегі шаралар туралы» және РКФСР Бүкілодақтық Орталық Атқару Комитеті мен Халық Комиссарлар Кеңесінің 1929 жылғы 8 сәуірдегі кеңестік заңнамаға негізделген кезекті дінге қарсы науқанның бастапқы нүктесі болған «Діни бірлестіктер туралы» қаулы болды [8]. Көп ұзамай имамдарды дауыс беру құқынан айырды, мүлкін тәркілеу басталды, партиядан шығарып, жаза ретінде Сібірге жер аудару міндеттелді. Сонымен қатар кеңес үкіметі орнамастан бұрын араб әріпін қолданған халық мәжбүрлі түрде 30-шы жылдары кириллицаға көшті. Кеңес үкіметі сауатсыздықты жою мақсатында кеңес мектебінде білім алуды міндеттеді. Жаңа алфавитке көшу діни қызметкерлердің халықтың рухани өміріне деген әсерін әлсіретті. 554 Дінбасылар айырықша дәрежесінен айырылды. Мешіттің жабылуы және мұсылман қауымдарының талқандалуы мұсылман білім беру жүйесінің толық құлдырауына әкелді. 1930-шы жылдардың ортасында НКВД органдары мұсылмандарды тұрғылықты жерінде қудалауды бастады. Қазақстандағы ұжымдастыру, индустрияландыру және ашаршылық жергілікті мұсылмандар халқының құрамына да қатты әсер етті: көбісі Ауғанстан мен Шығыс Түркістанның (Шыңжан) іргелес аумақтарына қоныс аударуға мәжбүр болды. Мұсылмандарға қатысты ішкі саяси бағыттың күрт қатаюы мешіттердің көптеп жабылуымен және мыңдаған діни қызметкерлердің айыптау актілерін қолдан жасау арқылы қылмыстық қудалауға ұшырауына әкелді. Бұл туралы Петр Смидовичтің КСРО Орталық Атқару Комитеті төрағасы Михаил Калининге жазған жазбасынан түсінуге болады: «Все религиозные организации мусульман находятся

накануне полнейшего разрушения и исчезновения с лица земли. Пока закрылось 87 % мухтасибатов (мусульманские епископаты), из 12000 мечетей закрыто более 10000, от 90 до 97 % мулл и муэдзинов лишены возможности отправлять культ... Положение по мусульманскому культу хуже, чем по другим культурам, но, в общем, рисует характерную для всех культов картину...» [9]. 1930-шы жылдардың екінші жартысы сталиндік террордың қанды оқиғаларымен танымал, бірақ сонымен бірге осы кезеңде Ислам дінбасыларына қатысты «тазарту» жүргізілді. 1936 жылы ЦДУМ төрағасы Ризаэтдин Фахретдинов және Башқұрт АССР ЦДУМ мүфтиі Мутигулла Гатауллин қайтыс болғаннан кейін большевиктер мұсылмандарға Мұрагер сайлау үшін съезд өткізуден бас тартты. ЦДУМ басшыларының қастандық жасағаны үшін қылмыстық іс қозғалды, оның барысында 30 адам атылды. Татарстан мен Башқұртстандағы дінбасыларға қарсы қылмыстық іс қозғай отырып, тергеушілер Орта Азия мен Қазақстан мұсылмандарына қарсы коммунистік билікке қарсы бірлескен контрреволюциялық күрес туралы істерді дайындады. Панисламизм, пантюркизм және ұлтшылдық бойынша айыпталуға бүкіл әлемдегі мұсылмандардың рухани қауымдастығы туралы айту және КСРО-да діни басқару құрылымын құруды жақтау жеткілікті болды. 1937 жылы чекистер Мұхлиса Буби бастаған «контрреволюциялық буржуазиялық ұлтшыл бұлікші» («контрреволюционную буржуазно-националистическую повстанческую») ұйымын таратты. Олар ұйым ҚазақКСР-дегі филиалдармен жасырын сөз байласып жұмыстанды деп есептеді. Бубиді атып тастағаннан кейін НКВД КСРО-ның түркітілдес аумақтарындағы мұсылмандарға қарсы «Ұлы Тұран» құруға дайындалып жатыр деген айтыпталулар бойынша іс қозғады. Башқұрт АССР мен Қазақ КСР мұсылмандарының «құпия сөз байласуы» ақыр соңында КСРО-мен шекаралас мемлекеттердің мұсылмандарымен және жапондық барлаумен байланысты «антисоветтік панисламистік террористік-бұлікшіл және тыңшылық диверсиялық ұйымның» әшкереленіне әкелді. Бұл іс бойынша 231 қазақ, 36 өзбек сотталды, екеуі атылды (өзбек Юсупхан Умартюряев және қазақ Әлкен Жәңгір Ходжаев). 1938 жылы сәуірде діни қызметкерлерді қорғау жөніндегі комиссия таратылды. Қорытынды. Кеңес билігінің ислам дініне қарсы ұстанған саясаты күрделі және көп жағдайда қайғылы тарихи кезең болды. 1920-1940 жылдардағы Кеңес өкіметінің исламға қатысты репрессиялық саясаты терең әлеуметтік-мәдени салдарға әкелді. Қазақстанның негізгі мұсылман халқының рухани өміріне орасан зор соққы болды. Сәйкесінше, ислам дінінің әлеуметтік өмірдегі рөлі төмендетіліп, діни білім беру мен діни қызмет көрсету мүмкіндіктері шектелді. Діндарларды қудалау мен діни қызметкерлердің тұтқындалуы да әдеттегі құбылысқа айналды. Бұл саясаттың нәтижесінде, көптеген ислам құндылықтары мен дәстүрлері жасырын түрде сақталып, ресми діни ұйымдар мен мешіттердің саны күрт азайды. Тіпті, 1929-1930 жылдары Қазақстан территориясындағы мешіттер саны кеміп, 1950-ші жылдардың басында бар болғаны 20 мешіт жұмыс істеген. Атеистік идеологияның басымдығымен белгіленген бұл кезеңде ислам дінінің өркендеуіне кедергілер қойылды, діни құрылымдар мен дін басшыларына қысым жасалды. Кеңес үкіметінің діни сенімдерге қарсы саясатының негізгі мақсаты – діни ықпалды азайту және социалистік қоғамның мәдениеті 555 мен құндылықтарын нығайту болды. Бұл саясаттың салдарынан көптеген мешіттер мен діни оқу орындары жабылды, діни рәсімдер мен мерекелердің өткізілуіне шектеулер қойылды. Кеңес үкіметінің дін басшыларына қолданған репрессиялары тарихи факт ретінде белгілі. Осыған қарамастан, ислам дінінің рухани және мәдени мұрасы ұлттық сана-сезімде және өмір салтында маңызды орын алып, халықтың діни сенімдерін сақтауға мүмкіндік берді. Дінге қарсы жүргізілген науқандар салдарынан жазаға тартылған дін өкілдерінің көбі ақталмады. Ату жазасына үкім шыққандардан бөлек сотталған немесе жер аударылған (ссылка), итжеккенге кеткен (высылка) дін өкілдері туралы мәліметтердің

көпшілігі белгісіз болып қалуда. Дін өкілдерін қудалау кеңес өкіметі орнағаннан кезден-ақ басталды, дегенмен, 1937-1938 жж. «Үлкен террор» кезінде ол өзінің шырқау шыңына жетті, ал оларды өлім жазасына кесу соттан тыс орган «Ерекше үштіктің» үкімдерімен рәсімделді. Дінге қарсы науқан ең қатал идеологиялық қысыммен және әкімшілік тыйыммен қатар жүрді, бұл аймақтағы діни өмірдің барлық көріністерінің толықтай жоғалып кетуіне әкелді. Ғасырлар бойы мұсылман қоғамында болған дәстүрлі рухани құндылықтардың орнына мемлекет терең идеологияланған, таптық рухани емес құндылықтар мен нормаларды енгізді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі: 1. Декреты Советской власти. – Т. 1. – Москва, 1957. – С. 113–115. 2. Алпыспаева Г., Жуман Г. Исламский дискурс в государственной профессиональной политике советской власти в Казахстане в 1920-1930-е гг. // Вестник Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. – № 1(138). – 2022. – С. 12-13. 3. Преодолевая религиозное влияние ислама (сб. документов и материалов). – Алма-Ата: Казахстан. – 1990. – С. 89. 4. Нуртазина Н. Борьба с исламом. Религиозная политика советской власти в Казахстане в 20-40-е годы XX века / Н. Нуртазина. – Алматы: «Қазақ университеті», 2008. – С. 18. 5. Рысбекова С.Т. Изменение религиозной политики государства в Казахстане (20-е годы XX века) // Вестник Академии знаний. – 2014. – №2(9). – С. 27. 6. Койгелдиев М.К. Сталинизм и репрессии в Казахстане 1920-1940-х годов. – Алматы: Наука. – 2009. – С. 220. 7. Сактаганова З.Г., Мажитова Ж.С., Аймахов Е.Н. Государство и религия в советской истории: этапы и особенности взаимоотношений в Казахстане // Вестник КазНПУ. – 2017. – №2(53). – С. 191–200. 8. Хронологическое собрание законов, указов Президиума Верховного Совета и постановлений Правительства РСФСР. – Т. 2: 1929–1939. – Москва, 1959. – С. 29–45. 9. Набиев Р.А. Ислам и государство: Культурно-историческая эволюция мусульманской религий на Европейском Востоке. – Казань, Изд-во Казанск. ун-та, 2002. – С. 88.